

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Тақырыбы; Биологиялық ырғақ.

Адамның мінез құлқы мен іс әрекетіндегі биологиялық және әлеуметтік нышандар, әлеуметтік ортаның адамның мінезі мен іс әрекетіне әсер.

Орындаған: Сандыбай Д

- ▣ *Биологиялық ырғақ - биология ғылымында биологиялық процестер мен құбылыстардың қарқыны мен сипатындағы мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын өзгерістер реттілігі. Биологиялық ырғақ барлық тірі организмдерге тән және ол клеткалық процестерден бастап популяциялық, биосфералық құбылыстарды қамтиды. Мұны зерттейтін ғылым саласы — биоритмология*


- ▣ *Биологиялық ырғақ табиғи жағдайда қоршаған ортадағы құбылыстар өзгерістеріне сәйкес жүреді, “Биологиялық сағат” қызметін атқарады, организмнің уақыт пен кеңістікте бағдарлануына, қоршаған ортадағы өзгерістерге алдын-ала дайындалуға мүмкіндік береді*



*Биологиялық ырғақ
өсімдіктерде жапырақтар мен
күлте жапырақшалардың
тәуліктік және физиологиялық
өзгерістері түрінде байқалады.*

Ал жануарларда биологиялық ырғақ әр түрлі физиологиялық-биохимиялық процестер активтілігінің кезеңділігімен бейнеленеді. Мысалы: температура ауытқулары, гормондар бөлінуі, РНҚ синтезі, рибосома құрылуы, клеткалардың бөлінуі, т.б.

- ▣ *Биологиялық ырғақ тұқым қуалайды және табиғи сұрыпталу мен организмдердің бейімделгіштігінің маңызды факторы болып табылады. Биологиялық ырғақ пайда болу себептеріне қарай:*



▣ *Экзогенді биологиялық* ырғақ — организмнің сыртқы күш әсеріне, қоршаған ортаның мерзімдік өзгерістеріне жауабы.

- ▣ *Эндогенді* (дербес, ырықсыз) биологиялық ырғақ тірі организмнің өзінде туындайтын активті процестердің толқынына сәйкес қалыптасады. Ол қайтарымды байланыс механизмімен реттеледі



Маңызына байланысты биологиялық ырғақ

физиологиялық
(тыныс алу, қан
айналу, т.б.)



экологиялық (организмнің
сыртқы ортаның құбылмалы
жағдайына бейімделуіне
мүмкіндік беретін)

- Мінез-құлық тірі организмнің барлығына ортақ қасиет. Оның басты белгісі – тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністері. Адам бойындағы Мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – қылық




- Адаменю мінез-құлығын және жануарлардың мінез-қылығын зерттейтін ғылымды этология (гр. «*ethos*» - мінез, «*logos*» - ілім) дейді. Рефлекс — жүйке қызметінің негізі, оның түрлері.

- ▣ *Рефлекс ұғымын ғылымға алғаш рет еңгізген француз ғалымы - Р. Декарт (1596-1650).*



Рефлексстер туралы ілімді одан әрі толықтырып дамытқан көрнекті орыс ғалымы И. П. Павлов (1849 - 1936).



- Ол - жоғары жүйке қызметінің физиологиясы — мінез-құлық туралы ғылымның негізін салушы ғалым. Ғалым мінез-құлықты зерттеуде шартты рефлексстердің қалыптасу әдістерін ашты. И.П.Павлов жоғары жүйке қызметі тікелей шартты рефлексстер жиынтығынан тұратынын толық дәлелдеп берді

- **Бірінішіден**, шартты тітіркендіргіштің әсер ету уақыты шартсыз тітіркендіргіштердің өсерімен сәйкес келуі кажет. Мысалы, бұрын ет жеп көрмеген итке етті көрсетсе де иттің оған сілекейі бөлінбейді. Итке етті көрсетіп, артынша ет беруді бірнеше рет қайталаса, ет көріне салысымен сілекей бөліне бастайды.
- **Екіншіден**, шартты тітіркендіргіштің өсері шартсыз тітіркендіргіштің алдында бірнеше рет қайталануы шарт. Қоңырау шалып, артынан итке тамақ беруді бірнеше рет қайталаса, шартты рефлекс түзіледі.
- **Үшіншіден**, шартты және шартсыз тітіркендіргіштердің әсер ету уақытын сәйкестендіріп, бірнеше рет қайталағанда да шартты рефлекс түзіледі.

Назарларыңызға
Рахмет